

# ПРОФАЙЛІНГ

Орындаған : Шырынбек Марал  
Тобы : СПИС -15-1

# I ДЕНГЕЙ.

- ◎ 1. Камбоджа
- ◎ 2. Камбоджа Корольдігі – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Үндіқытай түбегінің оңтүстігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 181 мың км<sup>2</sup>. Климаты субэкваторлық, муссондық.

# I ДЕНГЕЙ.



3. Халқы - 11,6 млн. адам (1998 жыл). Тұрғындарының 91%-ы кхмерлер, 4%-ы вьеттер, 3%-ы қытайлар.

# 4. Туы




# Атақты тұлғалар

Вирак Дара (1947ж) - киноактриса.





**Хенг Сомнанг Нгор  
(1940-1996) – актёр.**



**Тит Вичара Дани  
(1948-1976ж ) – актриса.**



# II ДЕНГЕЙ.

1. Тілі – кхмер тілі, француз тілі бірге қолданылады.

2. Діні – халқының 95%-і будда дінін ұстанады, қалғандары – мұсылмандар мен христиандар.

3. Тарихы -

- Камбоджа жерінде тұңғыш мемлекет 1 – 6 ғасырларда Меконг өзені бойында салтанат құрған - Фунань мемлекеті. Ол Қытаймен, Оңтүстік Үндістан елдерімен мәдени байланыстар орнатқан.
- 15 ғасырда Камбоджа қайта дамып, елдің жаңа астанасы Пномпень (1443) салынды. Будда діні тарап, көптеген ғибадатханалар, орасан үлкен Будда мүсіндері тұрғызылды.
- 1841 жылы үкімет басына келген Анг Дуонг халықтың көмегімен ел тәуелсіздігін қалпына келтіруге тырысты. Мемлекеттік аппарат шетелдіктерден тазартылып, салық мөлшері азайтылды, құлдарға еркіндік беріліп, тас жолдар мен каналдар салынды.

# Мәдениеті.

- ◎ **Кхмерлер** (өз атауы – кхмаэ)

— Камбоджаның тұрғылықты халқы.

Камбоджада 8,6 млн., Оңтүстік Вьетнамда 800 мың, Таиландта 500 мың кхмерлер тұрады.

Жалпы саны 10,35 млн. адам (1992).

Антропология жағынан кхмерлер моңғол нәсілінің оңтүстік азиялық тобына жатады. Будда дінінің оңтүстік тармағын (тхеравада) ұстанады. Кхмер (камбоджа) тілінде сөйлейді. Кхмер халқы біздің заманның бас кезінде

оңтүстік Үндіқытайдағы көптеген тайпаның бірігіп, топтасуы нәтижесінде қалыптасқан.

Бұл үрдіске мәдени дамуы жағынан едәуір жоғары сатыда болған көрші халықтардың, әсіресе, Үндістанның әсері тиді.





## **Ангкор-Ват -**

қазіргі Камбоджада кхмерлер салған үндістік храм. 1100 жылдардың басында үндіс құдайы Вишнаның құрметіне арнап салынған бұл храм әлемдегі ең үлкен діни ғимарат болып табылады. Ангкор -Ват кейінен қанырап қалғанымен, оны 1860 жылдары Анри Мюо есімді археолог қайта тауып қалпына келтірді.



# III ДЕҢГЕЙ.

- 1.Егер, Камбоджа еліне баруыма 2 ай уақытым қалса, оны дайындыққа жұмсаймын.
- 2.Камбоджаның картасын, өзіме қажетті заттар, қазақ елінің ұлттық аспабы – домбыраны алып барамын.
- 3.Естелік ретінде Камбоджа елінің ұлттық аспабы – «Труды», мәдениеті мен салт-дәстүрі жайлы кітапты, «Сампот» деген ұлттық киімін, Кхмер шарфы – «Крома» атты және т. б заттар алып келемін.

Қазақстан

# IV ДЕНҒЕЙ.

Камбоджа

Ресми тілі - қазақ тілі.  
Тәуелсіздік күні – 16  
желтоқсан, 1991 жыл.  
Астанасы – Астана.  
Мемлекет басшысы –  
президент.  
Ақша бірлігі – теңге.

Мұсылман  
дінінде.

Ресми тілі – кхмер тілі.  
Тәуелсіздік күні – 9  
қараша, 1953 жылы.  
Астанасы – Пномпень  
қаласы.  
Мемлекет басшысы –  
Король.  
Ақша бірлігі – риель.

Менің бұл профайлингке кеткен уақытым – 1 күн.

Қиналған тұсым – Қазақстан мен Камбоджаның ұқсастығын тапқан кезім.